

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 ақпандағы N 168 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ЖОБА

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы"

Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 192-құжат; 1998 ж., N 7-8, 71-құжат; N 22, 290-құжат; 1999 ж., N 10, 340-құжат; N 15, 593-құжат; 2004 ж., N 7, 45-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған адам Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, соның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесіне кандидат бола алмайды."

;

2) 10-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сайлау жарияланған сәттен бастап және дауыс беру қорытындылар шығарылғанға дейінгі кезеңде сайлау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу қажет болған кезде сайлау комиссиясының құрамы туралы шешімді тиісті жоғары тұрған сайлау комиссиясы қабылдай алады. Бұл ретте сайлау комиссиясының жаңадан тағайындалған

мүшелері осы комиссияны құрған органның сайлау комиссиясының құрамы туралы шешімі қабылданғанға дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады.";

3) 12-баптың 1) тармақшасы "осы Конституциялық заңның нормаларын қолдану тәртібі мәселелері жөніндегі нормативтік қаулыларды шығарады;" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 19-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

" 2 - 1 . М ы н а л а р :

заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған адам; сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттігі шектеулі деп таныған адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.";

5) 20-баптың 9-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілген адамдар тиісті кандидатты тіркеген күннен бастап сайлау комиссиясы мүшесінің міндетінен босатылады.";

6) 24-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Соттың немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімін орындауды қоспағанда, дауыстарды санау басталғаннан кейін сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдеріне өзгерістер енгізуге тыйым салынады.";

7) 25-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Шет мемлекетке жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Республика азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген кезде және оларда Республика азаматының қолданыстағы шетелдік паспорты болған кезде сайлаушылар тізіміне енгізіледі.";

8) 2 7 - б а п т а :

2-тармағында "күннен басталып" деген сөздер "мерзім аяқталған сәттен басталып" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сайлау алдындағы үгітті жүргізу мерзімі аяқталған сәттен бастап және дауыс беру қорытындылары ресми жарияланғанға дейін кандидаттар немесе партиялық тізім ұсынған саяси партиялар ұйымдастырған митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және жария сөйлейтін сөздердің өзге де нысандарын жүргізуге, не бұлардың оларға қатысуына тыйым салынады. Митингілер, шерулер және демонстрациялар заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі;"

9) 31-баптың 2-тармағы "өздерінің қалаулары бойынша" деген сөздерден кейін " тиісті сайлау округіндегі сайлау учаскелерінің санынан аспайтын санда" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 33-баптың 4-тармағы "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін "және халықаралық ұйымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 34-баптың 4-тармағының бірінші абзацында "сайлау өткізілгеннен кейін" деген

сөздер "сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 2) 4 1 - б а п т а :

6-тармақтың бірінші бөлігінде "күтім жасау себебіне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Сайлаушы жалпы танысу үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде өзінің келу орнын ауыстырған кезде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде сайлаушыға дауыс беру құқығына куәлік береді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру құқығына куәлікті ұсынған кезде дауыс беретін күні сайлаушыны оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.";

13) 43-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сайлау комиссиясы шешімінің негізінде жүзеге асырылатын қайта санау сайлау қорытындылары ресми жарияланғанға дейін жүргізілуі тиіс.";

14) 44-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы "Парламент Сенатының депутаттарын" деген сөздерден кейін ", партиялық тізім ұсынған саяси партиялар мен олардың сайлаушы блоктарын" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 49-бап мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзу туралы өтініштерін, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде сайлау комиссиялары қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне жасалған шағымды, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде жоғары тұрған комиссия қарайды.";

16) 50-1-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі "дауыс беруге" деген сөздерден кейін "кем дегенде" деген сөздермен толықтырылсын;

1 7) 5 9 - б а п т а :

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамалары;"

6-тармақ мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамалары;"

7-тармақтың 3-1) тармақшасы "мәліметтердің" деген сөзден кейін "декларацияны беру сәтіне" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 60-баптың 1-тармағында "тіркеуге дейін және тіркеуден кейін" деген сөздер "тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалған" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 9) 7 3 - б а п т а :

4-тармақ мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамалары.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамалары.";

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "мәліметтердің" деген сөзден кейін "декларацияны беру сәтіне" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 74-баптың 1-тармағында "тіркелгенге дейін және тіркелгеннен кейінгі" деген сөздер "тіркелген күнінен бастап және дауыс беруге екі күн қалған" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

21) 87-баптың 2-2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Саяси партиялардың жоғары органдары сайлау блогын құру немесе оған кіру туралы шешім қабылдағаннан кейін осы саяси партиялардың уәкілетті өкілдері сайлау блогын құру туралы бірлескен шешімге (келісімге) қол қояды.

Сайлау блогын басқару үшін Үйлестіру кеңесі құрылады, оның құрамына сайлау блогына кіретін саяси партиялардың уәкілетті өкілдері кіреді.

Сайлау блогын тіркеу үшін оның уәкілетті өкілі Орталық сайлау комиссиясына м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы :

1) саяси партиялардың жоғары органдарының сайлау блогына кіру туралы х а т т а м а л а р д а н ү з і н д і л е р ;

2) саяси партиялардың уәкілетті өкілдері қол қойған және осы саяси партиялардың мөрлерімен куәландырылған сайлау блогын құру туралы бірлескен шешім.

Сайлау блогының атауында жеке адамдардың тектерін және аттарын пайдалануға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Саяси партияның жоғары органы сайлау блогына кіру туралы шешімді қабылдай отырып, сайлау блогынан жалпы партиялық тізімге кіретін адамдарды және (немесе) аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттар болып қаралатын адамдарды ұсынуға қ ұ қ ы л ы .

Сайлау блогының үйлестіру кеңесі саяси партиялардың жоғары органдары ұсынған адамдардан жалпы партиялық тізімді қалыптастырады және оған кіретін адамдардың к е з е к т і л і г і н б е л г і л е й д і .

Сайлау блогының үйлестіру кеңесі саяси партияның жоғары органы ұсынған

кандидаттардан аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылатын бірыңғай кандидаттарды белгілейді.

Сайлау блогынан аумақтық сайлау округы бойынша бірыңғай кандидаттың сайлау қорына сайлау блогына кіретін саяси партиялардан қаражат түсуі мүмкін, бірақ олар осы Конституциялық заңда кандидаттардың сайлау қорлары үшін белгіленген шектерден аспауға тиіс.

Сайлау блогы сайлау қорытындылары жасалғаннан кейін және депутаттық мандаттар бөлінгеннен кейін өз қызметін тоқтатады.";

22) 89 - бапта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамасы.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамасы.";

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "мәліметтердің" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру сәтіне" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) партиялық тізімге енгізілген адамның және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамасы." ;

23) 90-баптың 1-тармағында "тіркеуге дейінгі және одан кейінгі" деген сөздер "тіркелген күнінен бастап және дауыс беруге екі күн қалған" деген сөздермен ауыстырылсын ;

24) 104 - бапта :

2-тармақ 3) тармақшадағы "деректер" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамасы.";

3-тармақ 3) тармақшадағы "құжат" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамасы.";

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "мәліметтердің" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру сәтіне" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 105-баптың 1-тармағында "тіркеуге дейінгі және одан кейінгі" деген сөздер "тіркелген күнінен бастап және дауыс беруге екі күн қалған" деген сөздермен ауыстырылсын ;

26) 118 - бапта :

2-тармақ 3) тармақшадағы "деректер" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамасы.";

3-тармақ 2) тармақшадағы "деректер" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияны тапсыруы туралы салық органының анықтамасы.";

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "мәліметтердің" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру сәтіне" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 119-баптың 1-тармағында "тіркеуге дейінгі және одан кейінгі" деген сөздер "тіркелген күнінен бастап және дауыс беруге екі күн қалған" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Конституциялық заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті